

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES**OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 2, Number 300 (2015), 167 – 170

UDC 616. 344 H 23

Structural changes of mucous membrane of a stomach and the extraorganic arteries under the influence of hypokinesia

Narymbetova T.M.
togjanmansurovna@mail.ru

International of Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yassawi, Turkistan, Kazakhstan

Key words: hypokinesia, mucous membrane of a stomach, arteries of muscular type, morphological changes.

Abstract. This article deals with morphological changes in the walls of wide arteries of muscle type and mucous coat of rat's stomach during the experiment caused by limitation of motive activeness. The main changes were observed in the walls of mucous coat of stomach and its arteries.

**Гипокинезияның әсерінен асқазанның шырышты қабаты мен
экстраорганды артериялардың құрылымдық өзгерістері**

Нарымбетова Т.М.
togjanmansurovna@mail.ru

Х.А.Яссайи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрк университеті, Түркістан, Қазақстан

Тірек сөздер: Гипокинезия, асқазанның шырышты қабаты, бұлшық ет типтес артериялар, морфологиялық өзгерістер.

Аннотация. Бұл мақалада эксперименттік зерттеу барысында егеуқұйрықтардың ірі бұлшықетті қан тамырлар қабырғалары мен асқазанның кілегей қабатына қымыл әрекеттің шектелуі әсерінде туындалатын морфологиялық өзгерістер баяндады. Негізгі өзгерістер қан тамыр мен асқазан қабаттарында байқалған құрылымдық өзгерістер.

Қазіргі таңда адам ағзасының құрылышы мен қызметіне әсер ететін қоршаған органдардың экстремалды, яғни төтенше ықпалдары арасында, әсіресе қымылдық белсенделіліктің шектеулі болуы ерекшеленеді. Бүгінгі күнде гипокинезия әсерінің механизмін үйренуге арналған, сонымен қатар адам ағзасына оның көрі әсерін алдын алу шаралары қарастырылған едәуір кең әдебиеттер бар [1,2].

Жүрек-тамыр жүйесі адам ағзасында жүйке жүйесімен бірге тығыз байланыста интеграциялық қызмет атқарады. Тамыр қабырғаларының әр алуан рецепторлық бейімделулері қоршаған орта ықпалдарына бағытталған болып, тітіркенулердің үлкен мөлшерін қабылдайды [3,4].

Гипокинезия мен гиперкинезияның адам ағзасына әсерін тигізуінде, бұл экстремалды ықпалдың қантамырларының жүйке аппаратына әсері аз зерттелген. Соңғы жылдардағы тамыр қабырғасының иннервациясына арналған көптеген еңбектерде, қан тамырларының жүйке элементтерінің адекватты карсы реакцияның және гомеостаздың өзгерістерін қалыптастыру үшін әуелгі морффункционалдық жағдайының маңыздылығы баса айтылып жүр.

Заманауи адамның гипокинезияға алып келүнеле себептер көп: өндіріс салаларының жогары дәрежеде автоматтандырылуы және механикаландырылуы, мектеп немесе институтта оку, колайлы өмір сүрге әдептеннену, кейір ауруларда ұзак тәсек тартып жату (жаракаттар, параличтер, миокард инфаркты және т.б.). «Әдеттегі» ұзак ғарышқа үшуларға байланысты қозғалыс

ауруларының ғарыштық түрі белгініп шықты [5, 6, 7].

Қазірде гипокинезияның адам ағзасына кері әсерінде айтарлықтай морфофункционалдық өзгерістерге алып келетін көптеген аспектілер мәлім. Ең алдымен, қозғалыс белсенділігі шектелгенде тірек-кимыл аппаратының бұзылуы зерттелді [8, 9].

Сонымен, жүрек-тамыр жүйесінің құрылышына қолайсыз ықпалдардың теріс әсер етуін жанжакты зерттеу үлкен ғылыми және тәжірибелі маңызға ие.

Материалдар және оларды зерттеу әдістері. Бұл жұмыста эксперименттік хайуан ретінде 180-200 г салмақты жалпы саны 110 ақ тұқымсыз ерек егеуқұйрықтар зерттелінді. Эксперименттік егеуқұйрықтар белгілі бір уақыт ішінде қозғалыс белсенділігі шектеулі және шектеусіз жағдайда болды.

Қозғалыс белсенділігін шектеу үшін ақ егеуқұйрықтар ұзақ (3 және 6 апта) уақытқа арнайы 45x45x120 мм көлеміндегі торларға орналастырылды. Тәжірибе тұргылықты температурасы +30 дан +35°C құрайтын, ыстық климатқа сәйкес келетін жайда жүргізілді.

Морфологиялық зерттеу үшін материал қозғалыс белсенділігіне шектеу әсер ете басталғанынан 3,6 апта кейін алынды. Магистральды тамырлар қабыргаларының және ақсазан шырышты қабатының қалыпты құрылышын зерттеу үшін 10 интактті егеуқұйрықтар пайдаланылды.

Паралелді «тексерудегі» интактті егеуқұйрықтардан материал алу эксперименталды топ егеуқұйрықтарымен бір уақытта әр тәжірибе мерзімі аяқталғаннан кейін алынды. Тәжірибе біткеннен соң хайуандарды ұйықтату үшін эфир булары қолданылды. Шығысын жарудан соң мүшелердің қанмен толуы жағдайына және анемизациясына назар аударылды, май клетчаткасының жағдайы, іш қуысының мүшелеріне және ұлпаларына қан құйылудың бар не жоқтығы бағаланды. Тамырлар 10% нейтралды формалин ерітіндісімен шегенделді. Гематоксилин-эозин, орсеинмен боялған парафиндық 5-7 мкм қалындықтағы кесінділер дайындалды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Гипокинезия және гиперкинезияның әсер етуінен 3 апта кейін ірі артериялар қабыргасы және ақсазан шырыштысының ішкі эластикалық мембранасының қалындауы үрдісі байқалды; тексерумен өзгешелік нақты емес. Мембранның қатпарлы бедерлері тексреумен салыстырғанда өзгерген жоқ. Кейбір жерлерде мембрана ісіңкі болды. Ишкі қабықшаның эндотелиалды жасушалары ішкі майысқақ мембранаға тығыз жабысып тұрды. Олардың ядролары артерияның көлденен кесіндісінде көбісіне жұмырлау (овал) тәрізді, кейбіреулері шұнқырда орналасқан, басқа белігі ішкі майысқақ мембранның қатпарларының ұшына орналасқан.

Орта қабықта тексерумен анық ажыратылмаған $4,48 \pm 0,52$ қатар тегіс бұлшықеттік жасушалар болды. Кең циркуляр қабаттың тегіс бұлшықеттік жасушалар ядролары созылыңғы түрге ие болды. Олардың арасында жасушалараралық заттектердің жұқа тілкемдері көрініп тұрды, оларды орсеинмен бояғанда кейбіреулері біраз қалындалған көпқатпарлы майысқақ талышқтар анықталды. Тексерумен салыстырғанда орта қабаттың қалындығының азауы статистикалық анық ($p < 0,5$) байқалды.

Сыртқы майысқақ мембрана ұзына бойы интакттық жануарларға тән бүрмелі құрылышын сақтап қалды. Сыртқы қабаттың дәнекер болып тұратын тіндер барлық кесінділерде біркелкі және жұқа болды.

Ақсазанның шырышты қабатын без аздал ұлғайтып зерттелгенде ұзындығы және бағыты бойынша әр түрлі кестелі (табуляр), ұялы құрылымдар көрінді. Олардың көбі шырышты қабаттың төбелік (апикалды) белігіне дейін жетеді. Оларда саралаудың және түрлі қызмет етуші жасушалардың бұзылуының есебіне шырышты жасушалардың гиперплазиясы байқалады. Кей біреулерінде гиперхромдық ядролы жасушалардың барлығы анықталады. Кей жағдайларда метаплаздалған бездер түрлі құрылымдық өзгерістерге ұшырайды. Олардың көпшілігі гипоплаздалады және стромалды жасушалармен бірігіп кетеді. Басқалары гиперплаздалып бұрыс формаға ие болды, оларда бокалтәрізді жасушалар көп. Шырышты қабат астын түгелдей қабынған дәнекер тін қаптаған.

Экстремалды ықпалдар әсер еткеннен 6 апта кейін сан артериясы қабыргасы майысқақ мембранасының қалындығы тексерумен салыстырғанда анық ұлғайды. Оның біраз ұлғаюы одан

алдыңғы экстремалды ықпалдар мерзімімен салыстырғанда статистикалық анық болмады.

Ішкі қабаты бойына ілімді мембранның бүрмелерін үlestіру біркелкі емес, кеі жерлерде қапшық түрдегі шұқырлар, кей жерлерде тар сайлар құрайды. Сайларға кіру кейбір жерлерде мембранның жақындаған бүрмелерімен жабылған. Қыстар және сайларда жиі эндотелиалдық жасушалардың ядролары орналасқан. Кейбір жерлерде эндотелиоциттердің жоқтығы анықталады.

Орта қабықтың қалыңдығы тексерумен және гипокинезияның 3 аптадан кейінгі мәліметтермен салыстырғанда және азайды. Орта қабықтың эластикалық талышқартары кей бір жерлерде созылыңғы түрде, кейбіреулері қалындағы. Тегіс бұлышқеттік жасушалар қатарының саны тексерумен және алдыңғы мерзіммен салыстырғанда біраз анық азайды. Тегіс бұлышқеттік жасушалардың кейбір ядролары талышқартар қатпарларының арасына орналасты, сондықтан олар екі қабат бүктелген сияқты көрінді. Орта қабықта майысқақ талышқартар санының едөуір көбеюі, олардың кейбір бөліктегінің қалындауы және қатқылдауы анықталды. Кей жерлерде майысқақ талышқартар тегістелді және атрофияға ұшырады. Орта қабықтың бойымен тегіс бұлышқеттік жасушалардың жоқтығын білдіретін ядросыз аумақтар анықталды. Тегіс бұлышқеттік жасушалар арасында кейбір жерлерде Ван-Гизон бойынша боялғанда жіңішке коллагенде талышқартар көрініп тұрды. Қышқыл ГАГ-тің құрамы тексеруден көп болды, олардың артериялар қабыргасында орналасуы бір қалыпты болған жоқ. Сыртқы майысқақ мембрана қатпарлы, кейбір жерлерде біраз қалың болды. Оларға сырты қабықтың азгана қатқыл майысқақ талышқартары жабысып тұрды. Капиллярлар және венул саңылауы кеңейген, «тиындар бағанасы» түрінде шоғырланған эритроциттар массасы құралған. Тәжірибелің 6-шы апта мерзімінде асқазан алды шырышты қабаты түрлі гемодинамикалық, альтернативті-некротикалық және ісу-қабыну өзгерістеріне тап болды. Үстінгі қабат эпителийлері мүйіздену ошақтарының пайда болуымен, сыртқы дистрофикалық ісінудің есебіне едөуір қалындаған. Базальды қабаттар гиперхромды кейбір жерлерде акантоз үдерісі бар жасушалармен ұсынылған. Өзіндік дінгек-тінді негізде қабынған жасушалардың саны көбейеді. Эпителия асты бұлышқеттік қатпар қопсытылған және кейбір жерлерде метахромазацияланған. Шырыштысты қабаты ісу, қан құйылу және мукоидті және фибринойдті ісу есебіне кеңейген. Тәжірибелің бұл мерзіміне гемодинамикалық бұзылымдарға дисциркуляторлық өзгерістерді жүзеге асыруда қатысуы мүмкін жуан жасушалардың периваскуляр шоғырлануының қосылуын айта кету керек. Талышқыты құрылымдар қопсытылған, мукоидті және фибройдті ісіну ошақтары бар, соңғылары шырышты асты қабатының периваскуляр аумақтарында көптеу байқалады.

Сонымен, ыстық климат жағдайында артерия қабыргасы және егеукүйрықтар асқазанының гипо-гиперкинезияға тіндік құрамдастардың компенсаторлық-бейімделу реакциясы ең алдымен ішкі майысқақ мембранның қалындаумен ерекшеленеді. Онда қатпарлардың саны азайып, ерекшелігі өзгерді. Гипо-гиперкинезияның 6 апталық эксперимент мерзімінде әсері орта қабаттың қалыңдығы статистикалық едөуір өзгерді. Оның құрамында тегіс бұлышқеттік жасушалардың саны азайды, эластоз дамыды. Сыртқы майысқақ мембранның бедере тегістелді. Сыртқы қабатта сыртқы майысқақ мембраннымен байланыстағы қатқыл, қалын коллагенде талышқартар пайда болды. Сыртқы қабаттың микроциркуляторлық арна тамырларында тоқтап қалған толыққандылық дамыды. Қабыргада қышқыл ГАГ құрамы көбейді.

Шырышты қабатта шырышты қабаттың және шырышты қабат астының қалыңдығының үлғауымен альтернативті-некротикалық, дисциркуляторлық өзгерістер, бас жасушалардың санының азаяуы, парительдік жасушалардың көбеюі байқалады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Агеев В.А. Влияние двигательной активности на морфологию инфаркта миокарда в эксперимента (эксперим.исслед.). - Автореф. дис. на соискание уч. степ. канд. мед. наук. - Новосибирск, 1982.
- [2] Зезеров А.Е., Иванова С.М., Ушаков А.С. Перекисное окисление липидов в тканях крыс при антиортостатической гипокинезии, действии физической нагрузки и иммобилизационного стресса// Косм.биология и авиакосм. медицина. 1987, т.21. №60. - 39-43 беттер.
- [3] Григорьев, Оганов В.С., Бакулин В., Поляков В.В., Воронин Л.И., Моргун В.В., Шнейдер, Мурашко Л.М., Новиков В.Е., Лебланк А., Шейкфорд Л. Клинико-физиологическая оценка изменений состояния костной ткани у космонавтов после длительных космических полетов. Авиакосм. и эколог.мед.. 1998, т.32. №1. - 21-25 беттер.
- [4] Акопян В.П. и др. Материалы рабочего совещания по междисциплинарной программе «Мозговое кровообращение» - Санкт-Петербург, 1995.

- [5] Баевский Р.М., Гончарова А.Г., Фунтова И.И., Черникова А.Г. Изменение вариабельности сердечного ритма и артериального давления в эксперименте со 120-суточной гипокинезией. В кн.: Гипокинезия. Медицинские и психологические проблемы. - Москва, 1997. - 9-10 беттер.
- [6] Егоров А.Д. Механизмы снижения ортостатической устойчивости в условиях длительных космических полетов // Авиакосмическая и экологическая медицина. 2001. № 6. - 3-12 беттер.
- [7] Жуманазаров Н.А., Шапамбаев Н.З., Сматова М.Е., Жакаев М.А. Морфологическая характеристика стенок артерий мышечного типа на фоне интоксикации фосфором // Актуальные проблемы клинической и теоретической медицины. Туркестан, 2000. 161-164 беттер.
- [8] Birge W.J., Roberts O. W. Toxicity of metals to chick embryos. - Bull. Environ. Contam. Toxicol., 1976, V. 16, № 3, 319-324 беттер.
- [9] Tomaselli C.M., Frey M.A.V., Kenney R.A., Hoffler G.W. Effect of central redistribution of fluid volume on response to lower-body negative pressure. Aviat. Space Environ. Med., 1990, v. 61, N 1, 38-42 беттер.

REFERENCES

- [1] Ageev V.A. Vlijanie dvigateľnoj aktivnosti na morfologiju infarkta miokarda v jekspertimenta (jekspertim.issled.). - Avtoref. dis. na soiskanie uch. step. kand. med. nauk. - Novosibirsk, 1982.
- [2] Zezerov A.E., Ivanova S.M., Ushakov A.S. Perekisnoe okislenie lipidov v tkanjah krys pri antiortostaticeskoy gipokinezii, dejstvii fizicheskoy nagruzki i immobilizacionnogo stressa// Kosm.biologija i aviakosm. medicina. 1987, t.21. №60. - 39-43 better.
- [3] Grigor'ev, Oganov B.C., Bakulin V., Poljakov V.V., Voronin L.I., Morgan V.V., Shnajder, Murashko L.M., Novikov V.E., Leblank A., Shejklford L. Kliniko-fiziologicheskaja ocenka izmenenij sostojanija kostnoj tkani u kosmonavtov posle dlitel'nyh kosmicheskikh poletov. Aviakosm. i jekolog.med.. 1998, t.32. №1. - 21-25 better.
- [4] Akopjan V.P. i dr. Materialy rabochego soveshhanija po mezhdisciplinarnoj programme «Mozgovoe krovoobrashhenie» - Sankt-Peterburg, 1995.
- [5] Baevskij P.M., Goncharova A.G., Funtova I.I., Chernikova A.G. Izmenenie variab'nosti serdechnogo ritma i arterial'nogo davlenija v jekspertimente so 120-sutochnoj gipokineziej. V kn.: Gipokinezija. Medicinskie i psihologicheskie problemy. - Moskva, 1997. - 9-10 better.
- [6] Egorov A.D. Mehanizmy snizhenija ortostaticeskoy ustojchivosti v uslovijah dlitel'nyh kosmicheskikh poletov // Aviakosmicheskaja i jekologicheskaja medicina. 2001. № 6. - 3-12 better.
- [7] Zhumanazarov N.A., Shapambaev N.Z., Smatova M.E., Zhakaev M.A. Morfologicheskaja harakteristika stenok arterij myshechnogo tipa na fone intoksikacii fosforom // Aktual'nye problemy klinicheskoy i teoretycheskoj mediciny. Turkistan, 2000. 161-164 better.
- [8] Birge W.J., Roberts O. W. Toxicity of metals to chick embryos. - Bull. Environ. Contam. Toxicol., 1976, V. 16, № 3, 319-324 better.
- [9] Tomaselli C.M., Frey M.A.V., Kenney R.A., Hoffler G.W. Effect of central redistribution of fluid volume on response to lower-body negative pressure. Aviat. Space Environ. Med., 1990, v. 61, N 1, 38-42 better.

Структурные изменения слизистой оболочки желудка и экстраорганных артерий под воздействием гипокинезии

Нарымбетова Т.М.
togjanmansurovna@mail.ru

Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А. Ясави, Туркестан,
Казахстан

Ключевые слова: Гипокинезия, слизистая оболочка желудка, артерий мышечного типа, морфологические изменения.

Аннотация. В данной статье говорится о морфологических изменениях в стенках крупных артерий мышечного типа и слизистой оболочки желудка крыс в ходе эксперимента, вызванные ограничением двигательной активности. Основные изменения наблюдались в стенках слизистой оболочки желудка и его артериях.

Нарымбетова Т.М.
Преподаватель кафедры Морфологии и физиологии человека, Медицинский факультет, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави, Туркестан, Казахстан.

Narymbetova T.M.
Teacher of Morphology and Human Physiology Department, Medical faculty, International of Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yassawi, Turkistan, Kazakhstan

Поступила 18.03.2015 г.